

ҚР МК-нің 7.12.95 N 193-П "Кедендік жолдамалау туралы" бүйрігіна өзгерістер мен толықтырулар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 25 шілде N 191-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 52. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 266, Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 152 бүйріктарымен. ~V001106

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік жолдамалауды ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ тауарлардың жеткізілуіне кедендік бақылауды күшейту мақсатында бұйрықтамын:

1. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1995 жылғы 7 желтоқсандағы N 193-П V950144_ "Кедендік жолдамалау туралы ережесіне" төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1.6-тармақтың 3-абзацындағы "занды" сөзі алынып тасталсын;

1.6-тармақтың 4-абзацы төмендегідей редакцияда баяндалсын:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 557 Р950557_ "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыруды дамыту мен жетілдіру шаралары туралы" қаулысымен бекітілген 2-қосымшаның талаптарын бұзатын көлемі сай емес тіркемелер мен жартылай тіркемелер көлік жабдықтары ретінде саналатын жағдайларды қоспағанда "көлік құралдары - автомобильдердің тіркеу сүйретуіне арналған, жол қозғалысына бір бүтін ретінде қатысатын және халықаралық жолаушылар мен жүк тасымалдау ісінде пайдаланылатын тіркемелерді, жартылай тіркемелерді қосқандағы автокөлік құралдары"

2.2-тармақтың 3-абзацы төмендегідей редакцияда баяндалсын:

"тауардың сипаты мен мәртебесі (акцизделетін тауарлар, лицензияланатын тауарлар, әкелінуіне өзге мемлекеттік органдардың рұқсаты талап етілетін тауарлар, кеден баждары мен салықтары салынатын тауарлар)";

- 7.1-тармағына "1.6-тармақтың 4-абзацында көрсетілген көлемі сай емес тіркемелер немесе жартылай тіркемелерді жолдамалау үшін жеке көлік құралында кеден алымдары алынады" абзацы қосылсын.

2. Жабдықталған көлік құралы мен кеден органының түпнұсқадағы кепілдік міндеттемесі бар болатын кезде акцизделетін тауарлардан, лицензияланатын тауарлардан басқа тауарларды кедендік жолдамалау жүзеге асырылмасын.

3. Кедендік жүктөрді кеден тасымалдаушысы жолдамалап жүрмейтін болса, жолдамалауға жолдамалау үшін кеден алымдары алына отырып осы көлік құралдары пайдаланылсын.

4. Қаржыландыру басқармасы (Сейтенова Н.С.) кеден басқармалары мен кедендердің кедендік жолдамалаумен шұғылданатын қызметкерлерінің іссапарлық шығындарын төлеуіне, жүктөрді жолдамалайтын автомобильдерге жанар-жағар май мен оларға техникалық қызмет көрсетуіне ақша қаражатын дер

кезінде бөлсін.

5. ҚР МК-нің 1996 жылғы 15 қарашадағы N 236-П Бұйрығының және ҚР МК-нің 1997 жылғы 28 наурыздағы N 74-П Бұйрығының күші жойылған болып есептелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті Төрағасының орынбасары В.Д.Кирдановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Бұйрық Қазақстан Республикасы кеден органдарының күллі жеке құрамына хабарлансын.

Төраға